



# PHILOSOPHICAL AND SOCIO-HUMANISTIC PROBLEMS OF LIFE OF RELIGION IN THE MODERN SOCIETY

UNESCO 2017

УДК 37.0  
ББК 74.04  
Ф 15

**Төрөг:**  
Пирэлиев С.Ж – ректор

## Ұйымдастыру комитетінің мүшелері:

Ермаканбетов М.Е. – бірінші проектор:

Косов В.Н. – фылыми ісі жөніндегі проректор:

Ішпекбаев Ж.Е. – Тәрбие ісі жөніндегі проректоры:

Хайруллаев С.Ж. – шаруашылық баскетболдың бастыны;

Селютин Г.Я. – кафедра менгерушісі; Абсаттаров Р.Б. – жалпы университеттік саясаттану және әлеуметтік философиялық пәндер кафедрасының менгерушісі;

Оспанов Б.Е. – ғылым баскармасының бастығы;

Байымбетова Г.А. – ФЗЖ, СФЗЖ және жанартпа белгімін бастығы:

Нұрмұратов С.Е. – Философия және саясаттану дінгінде

Институты директорының орынбасары.

Артемьев А И – ф. д. профессор;

Артемьев А.И. – ф.к.д., профессор;  
Сабит М.С. – ф.к.д., профессор;

Симитиков Ж.К. – с. ф. д., профессор;

Абдуллаев А.К. – кандидат физико-математических наук, доцент;

## Жауапты хатшы:

Күсайынов Д.Ә. – ф.ғ.д., жалпы университеттік саясаттану және әлеуметтік философиялық пәндер кафедрасының профессоры

**Ф 15** Материалы международной научно-практической конференции: «Философские и социогуманитарные проблемы бытия религии в современном обществе», посвященной памяти академика АСН, МАН ВШ, д.ф.н., профессора Шулембаева К.Ш., 28 марта 2017 года. – Алматы: КазНПУ имени Абая. – 260 с.

ISBN 978-601-298-031-8

УДК 37.0  
ББК 74.04

ISBN 978-601-298-031-8

Абай атындағы ҚазҰПУ, 2017

<b>Хамидов А.А.</b> Религия и этика в условиях современных мировых процессов.....	<b>189</b>
<b>Жанкадыров С.</b> Замануи саяси-мәдени үрдістер және ислам дінінің адалгершілік бастаулары.....	<b>192</b>
<b>Абсаттаров Г.Р.</b> Политологическое определение правовой культуры.....	<b>196</b>

**МЕЖКОНФЕССИОНАЛЬНЫЙ ДИАЛОГ И  
МЕЖРЕЛИГИОЗНОЕ СОГЛАСИЕ В КАЗАХСТАНЕ:  
СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ**

<b>Сатершинов Б., Әбдіраманова А.Т.</b> Қазақстандағы этноконфессиональдық үрдістер.....	<b>201</b>
<b>Наумова Н.В., Глушак А.С.</b> Принципы межнационального и межрелигиозного согласия в истории народов Крыма.....	<b>205</b>
<b>Алимбаев А., Беркінбаева Г.</b> Дінде толеранттылық танытуда диалогтік қарым-катьнастың маңыздылығы.....	<b>208</b>
<b>Бегалинова К.К., Ашилова М.С.</b> Казахстан – центр межконфессионального диалога и межрелигиозного согласия.....	<b>210</b>
<b>Ашилова М.С., Бегалинова К.К.</b> Философско-правовые аспекты функционирования религии в независимом Казахстане.....	<b>213</b>
<b>Дунаев В.Ю., Курганская В.Д.</b> Мультикультурность как социальный ресурс противодействия религиозному экстремизму.....	<b>217</b>
<b>Корганова С.С., Избасханов Ж.К.</b> Роль религии в формировании толерантного сознания.....	<b>220</b>
<b>Аширов Ш.А.</b> Қазақстандағы конфессиялардық диалог пен дінаралық келісім: қазіргі хал-ахуалы мен даму үдерісі.....	<b>223</b>
<b>Тулентаев М.С.</b> Ұлттық қалыптастыру мәселелері.....	<b>226</b>
<b>Селютин Г.Я., Мусалаев Н.Н., Тургумбекова А.Н.</b> Молодежная культура: светлые и темные стороны.....	<b>229</b>
<b>Тулекова М.К., Коспаганбетова Н.</b> Орта Азия мемлекеттері тіл саясатында орыс тілінің рөлі.....	<b>233</b>
<b>Чингисова А.А.</b> Ментальный уровень языковой картины мира.....	<b>235</b>
<b>Қодар З.М.</b> Этногендерология – қазақстандық гендерология ғылымындағы жаңа жоба.....	<b>239</b>
<b>Тургумбекова А., Сыдықова М.К.</b> «Технология» пәнін оқыту мәселелері.....	<b>243</b>
<b>Дүйсенбайқызы А.</b> Қазақ ұлсының қалыптасусының кейбір мәселелері.....	<b>245</b>
<b>Аргынгазина У.</b> Жетісудагы «Албан – Үйғы» көтерілісі.....	<b>248</b>
<b>Шакирова Н.С.</b> Некоторые подходы к изучению содержания структуры правовой системы государства.....	<b>252</b>

## МЕЖКОНФЕССИОНАЛЬНЫЙ ДИАЛОГ И МЕЖРЕЛИГИОЗНОЕ СОГЛАСИЕ В КАЗАХСТАНЕ: СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ

**Бақытжан Сатершинов, Әбдіраманова Айгүл Темірханқызы –**  
КРБФМ FK Философия, саясаттану және дінтану институты,  
Корқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОКОНФЕССИОНАЛДЫҚ ҮРДІСТЕР

Дінаралық және этносаралық татулықты дамыту қазіргі қазақстандық қоғам тұрақтылығының басты факторларының бірі болып қана қоймай, мемлекеттік ұлттық қауіпсіздіктің негізгі бөлігі болып табылады. Біздің қоғамның дамуы – еліміздің кез келген азаматтының көзқарастары мен нанымдарына тәзімділік және құрметпен қарауға негізделген. Осылайша Қазақстан хошкөрушілік пен татулықтың өзіндік қайталанбас үлгісін қабылдаган. Н.Ә. Назарбаев: «Біздің ұлтаралық және дінаралық татулық моделіміз – Қазақстанның әртүрлі конфессиялардың әрекеттестігінің жалпы дүниежүзілік үдерісіне косқан үлесі. Бізді халықаралық аренада тап осылай қабылдағанын қалаймыз» деген.

Қазақстан Республикасы саяси тәуелсіздік алғалы бері ақылға қонымды ұлтаралық және дінаралық саясат жүргізіп келеді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен рухани келісім, ұлтаралық және дінаралық татулық насиҳаттальш, толеранттық сана мен тәзімділік мәдениетін қалыптастыруға үлкен көңіл болінуде. Біздің елімізде, ең алдымен, Қазақстан Республикасының Конституциясы кепілдік берген адам мен азаматтың құқықтары мен еркіндіктерін қамтамасыз ету діндердің тен құқықтығы мен ар-оқдан бостандығы ұстымдарын сақтау, сондай-ақ биліктің мемлекеттік органдары мен азаматтың қоғам институттары арасындағы сұхбат арқылы жүзеге асырылады. Соның нәтижесінде біртұтас әлеуметтік-саяси және азаматтық қауым – қазақстандық халықтың құрайтын әртүрлі ұлттық топтардың өзара құрметі мен өзара түсіністігіне қол жеткізілді. Қазақстанда көптеген ұлттық қауымдастырудың мұдделерін реттеудің қомақты тәжірибесі жинақталды. Қазақ халқымен қатар, әрқыл ұлттардың мәдени-тариhi дамуының әрекшеліктерін ескеретін, өз бойына халықаралық құқықтың әмбебап ұстымдарын және ұлттық топтардың өзара әрекетінің өзіндік қазақстандық тәжірибелісінің әрекшелігін үйлестіре енгізген осы халықтардың бірге тұруының өзгеши қазақстандық үлгісі қалыптасты.

Біздің қоғамдағы осы бар этносаралық келісімнің деңгейін сақтау және оны жетілдіру, қазақстандық қоғамның шоғырлануын онан ары терендету, оның тұрақтылығы мен дамуға қабілеттілігін, сыртық әлемнің күрделі жағдайларына жауап беруге, қазіргі заманың талаптары мен қауіп-қатерінің өсуіне қарсы дайындықты арттыру өзінің өзектілігін сақтап отыр. Бүтінгі күні, бәріне де мәлім, әлеуметтік тұрақтылықты сақтау мәселелерінде немесе, керісінше, қарсы келушілік әлеуетінің өсуінде де дін барған сайын үлкен рөл атқаруда. Сонымен бір мезгілде біздің азаматтардың көпшілігі ушін дін ұлттық өзін-өзі анықтаудың негізгі өлшемдерінің біріне айналып шықты. Өздерін мұсылман, православ, католик және басқа да діни ағымдардың өкілдері ретінде атай отырып, қазақстандықтардың басым көпшілігі зайырлы дуниетаным иесі бола тұра, өздерінің белгілі бір этномәдени ортага тиесіліктерін белгілеп қояды. Дегенмен, дінді көпшілік қандай да бір этностың мәдениетінің негізгі элементінің бірі ретінде қабылдайды және ол этностық өзіндік сананы нығайтудың құралы қызметін атқарады. Екінші жағынан, азаматтардың едәуір белгілі өзіндік ұлттан тыс діни дуниетанымға ие және бұл дуниетаным жаһанданудың қазіргі үдерістері барысында психологиялық-корғанушы қызметінен бастап агрессивті шабуылдаушы қызметке дейінгі әрқыл функцияларды атқарып отыр. Өз кезегінде сыртқы және ішкі деструктивті құштер әлеуметтік наразылықты пайдаланады және діни факторды адамдардың қарсылық үшін саяси және этносаяси жұмылдыруға қолданады. Мұндай ахуалда этносаралық қатынастардың шиленіскең тұсында діни фактор жағдайдың дамуына жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Осы аталған және көптеген басқа да факторлар әлеуметтік кернеудің есүіне (жасырын немесе ашық түрде көрінетін), әлеуметтік өзара әрекеттердің қактығыстығының қүшөюне әкеледі, ал бұл дағдарыстық ахуалдардағы зорлықтың эскалациясы қаупін туғызады. Мұндай жағдайларда тұлға құқықтары мен еркіндіктерін қорғау, әлеуметтік әділеттілік, ынтымақтастық, толеранттылық, татулық, күш корсетпей және т.б. құндылықтарын, идеалдары мен нормаларын бекіту міндеттері демократиялық өзгертулердің міндеттерімен органикалық түрде сінісп кететіні түсінкіт де.

Көп нәрсе мәдениетке, ұлт пен дін мәселелеріне қатысты мемлекеттік саясаттың дұрыс құрылышына байланысты. Мәдениеттердің тарихи тоғысында орналасқан Қазақстан өзінің даму барысында төзімділіктің бірегей тәжірибесіне ие болды. Біздің еліміз өзінің ұлтаралық және дінаралық ынтымақтастыры тәжірибесі арқасында дінге байланысты туындаған дау-жанжалға себепші емес екендігін дәлелдеуде.

Казақстан – толеранттылық мәселесін көтеруді ең алғашкы болып қолға алған ел. Бұл ЕҚЫҰ-ғатерагалық ету кезіндегітөр «Т» үндеуінің құрамдас бөлігіне айналды. Сонымен қатар, 2011 жылғы Тәуелсіздік күні қарсаңында айтылған және Астана экономикалық форумы аясында іске асқан Бірінші Президент – Ұлттық көшбасшысының бастамасы ретінде G-глобалдың басты үлгісі қоғамның үйлесімді түрде бірігуі орын алатын толеранттылықтың үлгісі болыш табылады.

Этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық нұсқасы бұл – мемлекеттік саясат пен қоғамдық қатынастардың қалыптасқан жүйесі. Осы жүйе негізінде әр түрлі этностар арасында ауызбіршілікті қатынас орнап, бұл олардың өзара ынтымақтастықта, тозімділікте өмір сүруін және әр түрлі конфессиялар арасында сұхбаттың болуын қамтамасыз етеді.

Қазақстан халқы құрамының этностық және діни тұрғыда әртектілігіне байланысты тәуелсіздік алған тұста көптеген сарапшылар Қазақстанды қақтығыстықтауіп жоғары аймаққа жатқызыды. Елде қазақтардың мемлекет қалыптастыруышы үлт ретіндегі құқығын қайта қалпына келтіру қажет еді. Сонымен бірге, ен нәзік қоғамдық құрылым діни үдерістерді басқару құралын менгеру қажет болды. Осы мәселелердің бәрін шешу үшін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев көп жағдайда әдеттеген тыс, шығармашыл тұрғыдан және батыл шешімдер жасап отырды.

Жағдайда әдеттен тыс, шығармашыл тұрғыдан және батыл шоғындардан. Этноконфессионалдық саланың өзара түсіністік пен толеранттылықты бастанқы кезекте қажет етегін сала екендігі түсінікті болғандықтан, ҚР Әкіметі бұл салада бірқатар маңызды бағдарламалар қабылдады. Мысалы, 2006-2008 жылдарға арналған этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісін жетілдіру бағдарламасы. Бұл бағдарламаның міндеті Республикада этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісін жетілдіруді қамтамасыз етегін шаралардың кешенін даярлау және жузеге асыру; елдегі әлеуметтік-саиси ахуалды, сондай-ақ конфессияаралық және этносаралық қатынастар саласындағы ахуал мен қоғамдағы әлеуметтік-психологиялық кернеудің деңгейін болжау, оның диагностикасы мен мониторингі болды. Осы міндеттің аясында республикадағы этносаралық және конфессияаралық қатынастардың үйлесімділігі үшін жағдай туғызылады; этносаралық және конфессияаралық толеранттылықтың ұстындары мен қалыптарын бекітіледі, көпэтносты және көпконфессионалды қазақстандық қоғамдағы азаматтық келісімнің әлеуметтік-психологиялық негізі ретіндегі этномәдени алуантурлілік күрметтеледі, қабылданады және түсініледі; республиканың діни бірлестіктері арасында өзара түсіністік пен төзімділік бекітіледі; қоғамдық келісім мен азаматтық татулықты қамтамасыз ету мақсатында сұхбат мәдениеті мен рухани құндылықтарды дамыту ісінде мемлекеттік органдардың, үлттық, мәдени, діни және өкіметтік емес үйымдардың ынтымақтастырылған күштегіді; этномәдени түзілімнің жүйесі қалыптастырылады деп күтілді.

Казақстанда этносаралық қатынастарды басқарудың құқыктық, идеялық және тактикалық өрісін қалыптастыру үшін 2007-2009 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы діні сенім еркіндігі мен мемлекеттік-конфессияаралық қатынастарды жетілдіруді қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламада маңызды мәнге ие. Бұл бағдарламаның тұра мақсаты конфессияаралық қатынастарды реттеу болғанымен, КР этносаралық өзара әрекеттер саласына да тікелей қатынасы бар. Этностық және конфессиялық брегейліктің өзара тығыз байланысты екендігі белгілі. Сондықтан дін саласындағы қатынастарды реттеу этносаралық қатынастар саласына да

тікелей әсер етеді. Бағдарламаның мақсаты (оның мәтініне сай) діни сенім бостандығына деген Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарын жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін жағдайларды дамыту және конфессияаралық көлісімді сақтау болып табылады. Бұл бағдарлама өзінің алдына мынадай міндеттерді қойды: әртүрлі діни ұстанымдағы діни бірлестіктер арасындағы озара түсіністікті, төзімділікті ныгайту және олардың мемлекетпен өзара әрекетін бекіту; мемлекеттік органдар мен діни бірлестіктер арасындағы әлеуметтік ынтымақтастықты дамыту; діни ахуалды талдау мен болжау, мониторинг жасау жүйесін жетілдіру; дін саласында қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізу; діни бірлестіктердің қызметі мен діни сенім бостандығына деген азаматтардың құқықтарын жүзеге асыру саласындағы заңнаманы жетілдіру; мемлекеттік қызметкерлердің діни сауаты деңгейін көтеру.

Конфессияаралық көлісімнің сакталуы, көріп отырғанымыздай, этностар арасындағы қатынастар саласындағы көлісімнің алғышарты болып табылады. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халықтары ассамблеясының сессияларында қазақстандық қоғамның тұтастығының этносаралық және конфессияаралық қырлары бір тақырыптың айдарында біріктіріліп берілетіні бекер емес. Стратегиялық тұрғыдан алғанда, мемлекеттік-конфессияаралық қатынастарды басқару үлтаралық қатынастарды басқарудың формасын білдіретіні де анық.

Сонымен, соңғы онжылдықтарда Қазақстан діни жаңғыруды бастап өткізді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына 2013 жылғы Жолдауында былай дейді: «Біз мұсылман үмбетінің бір бөлігі екенімізді мактан тұтамыз. Ол – біздің дәстүріміз. Бірақ бізде зайырлы қоғамның дәстүрлері де бар екенін, Қазақстан зайырлы мемлекет екенін ұмытпауымыз керек. Біз елдің дәстүрлері мен мәдени нормаларына сәйкес келетін діни сана қалыптастыруымыз керек». Бұл сөздер әлемдегі және біздің еліміздегі діни ахуалдың өзектілігінен туындаған еді.

Президент Н.Ә. Назарбаев дінге қатысты саясатында, жоғарыда аталған бағдарламаларды қабылдауда алемдік конфессияаралық татулықтың негізіне жататын ұстындарды ұстанды. Алдымен, бұл ар-ұят пен діни еркіндікten заңнамалық және институционалдық тұрғыда қамтамасыз етілуі болатын. Конституция негізінде діни немесе басқа да әлеуметтік белгілер бойынша кемсітүге тиым салынады. 1992-жылы қантарда қабылданған егemen Қазақстанның ең алғашқы заңдарының бірі – «Қазақстан Республикасындағы ар-ұят пен дін еркіндігі» жайлы заң діни үйымдардың еркін қызмет жасауы үшін барлық құқықтық негіздер салып берді.

Екіншіден, біздің елімізде әр конфессияның өз қызметтерін іске асыруға тең және жағымды жағдайлар жасалды. Діндерге еркіндік беру діни үйымдардың күрт өсуіне, шамаменбес есеге өсуіне экелді. Конфессиялар мен деноминациялардың саны 46-ға жетті. Жиырма жылдық кезең ішінде Қазақстандағы діни үйымдардың саны 670-тен 4551-ге дейін есті. Осыған байланысты, мемлекет пен дін арақатынасы саласында реформаның қажеттілігі сезілді. Өйткені жоғарыда аталған мейлінше демократияшыл және либералды заңының жұмсақтығын жат жерлік теріс пифылды діни ағымдар өз мұддесіне пайдаланып, елімізде қалыптасқан дінаралық татулыққа сызат түсіріп, діни ахуалды шиеленістіруге тырысты. 2011 жылы Қазақстанда Дін істері агенттігі құрылып, 18 қазанда ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы қабылданды. Қабылданған жаңа заңға сәйкес, Дін істері агенттігі діни үйымдарды қайта тіркеуді жүзеге асырды. Қайта тіркеу нәтижесі бойынша діни үйымдардың саны 32%-ға, яғни 4551 ден 3088-ге дейін азайған. Конфессиялар саны 46-дан 17-ге дейін кеміді.

Бұл Заң Қазақстан Республикасының өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратынын, әркімнің ар-оқдан бостандығы құқығын растайтынын, әркімнің діни нанымына қарамастан тең құқылы болуына кепілдік беретінін, халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өмірінде ханафи бағытындағы исламның және православтық христиандықтың тарихи ролін танитынын, Қазақстан халқының діни мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтінін, конфессияаралық көлісімнің, діни тағаттылықтың және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танитынын негізге алады. Қазақстанның этноконфессиялық демографиялық құрамына келсек, тұрғылықты халықтың 70 пайзызын мұсылмандар құрайтыны белгілі. Алайда ислам дінінің басымдық етуі басқа діндердің іс-әрекетіне ешқандай кедергі келтірмейді.

Атальыш реформа қазақстандықтардың басым түрде көнілінен шыққан реформасы ретінде белгілі. Тұрғындар қалыптасқан дінаралық сұхбат пен келісім тәжірибесін қолдайды. Ол бойынша басым түрде зайырлықтынас түрі қабылданып, дәстүрлі діндерді жеңіл түрде тәжірибеде қолдану қамтамасыз етіледі. Дәстүрлі діндерді тәжірибеде қолдану қоғамның демографиялық құрылымындағы сәйкес үлесіне орай орын алып отырады. Үлттық құндылықтарымызды үлкен ұқыптылықпен сақтау маңызды болып отыр. Сонымен қатар, көп дінді алуан түрлілікті күрт жылдамдықпен өзгеріске ұшырап жатқан қазіргі әлемде бәсекелестікке қабілетті болудың негізгі мәні ретінде және де сарқылмас байлық пен күштің көзі ретінде қарастыруға да үлкен көніл бөлінеді.

Сонымен қатар, бұл саладағы мемлекеттік саясаттың келесі бір ұстанымы діни экстремизмнің қатаң қадағалануы болып табылады. Алдын алу шаралары ретінде, ұлтаралық және конфессия-аралық өшпенділікті туғызатын және адамдар арасындағы табиғи айырмашылықтарды баса назарға алып, осы айырмашылықты саяси қарсылық деңгейіне дейін көтеретін діни, этностық және басқа негізделгі саяси партияларды құруға тиым салынды.

Қазіргі әлемде өздерінің арасындағы байланыстарды кеңейтетін халықтардың өзара қарым-қатынасының қайшылықты үдерісі жүріп жатыр. Сонымен бірге әлемнің жекелеген аймақтарында өзге мәдени және өркениеттік өлшемдерді қабылдамау орын алып отыр. Прогрессивті көңіл-күйдегі және әділдікке ұмтылатын бірде-бір адамды мұндай жағдай қанагаттандыра алмайды.

Сонғы кездері этноконфессионалдық салада дін мен мемлекеттің және діндердің өздерінің арасындағы қатынастардың жағдайына ықпал ететін мынадай сыртқы факторлар пайда болды: - этноконфессионалды белгісі бойынша геосаяси жіктелудің ықтималдығы, сондай-ақ бұқаралық санадағы толеранттылықтың төмендеуі; аймақта әскери-саяси қауіптің пайда болуы, гуманитарлық апаттың мүмкіндігі, бакылаудан шығып кеткен босқындар ағымының орын алуы; діни идеяларды жамылған экстремистік, террористік және радикалды топтардың заңсыз әрекеті; шетелдік бұқаралық акпарат қуралдары арқылы қазақстандық менталитетке жат бұқаралық мәдениеттің, елдің заңнамасын сақтамайтын діни бірлестіктердің таралуы; трансұлттық қылмыстың өсуі; конфессиялар мен этнобағдарлы үйымдардың саясилануы.

Атальыш факторлар діни және этносаралық қатынастардың жағдайына тұрақсыздық тудыратындағы әсер етуі мүмкін. Сондықтан мемлекеттің алдына мынадай міндеттер қойылады:

- азаматтық қауымның, қазақстандық патриотизмнің, дінаралық және этносаралық қатынастардың үйлесімділігі мен рухани-мәдени өзара әрекеттің негізінде қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру және нығайту;

- біртінде және жүйелі демократияландырудың, азаматтық қоғам қалыптастыру мен дамыту-дың үдерісіне қоғамның барлық қабатын тарту және белсенділіктерін арттыру;

- Қазақстандағы дін мен мемлекет аралық және этносаралық қатынастардың жағдайына ықпал ететін сыртқы қатерлердің әсерін бейтараптандыру.

Бұл міндеттер өкілетті мемлекеттік органдардың, сондай-ақ Қазақстан халқы ассамблеясының жауапкершілігіне жүктеледі. Өзінің құрылу кезінде Қазақстан халықтары ассамблеясының алдына қойылған міндеттер бүтінгі күні тұтастай алғанда орындалды. Елде барлық этностардың тенденци, олардың тілдері мен мәдениеттерінің жаңғыртылуы мен дамытылуы қамтамасыз етілді. Экономикалық саладағы нарықтық реформалар негізінен аяқталды, саяси жүйенің демократиялануы жүргізілді.

Қазіргі уақытта қоғам мен мемлекеттегі Қазақстан халықтары ассамблеясының орны мен рөліне, ішкі дамудың да, тысқары факторлардың әсерлерінің де нәтижелерінен туындаған міндеттерді шешуге жана көзқарас қажет. Мемлекеттік ауқымдағы және маңыздығы кез келген мәселелердің шешілуі мемлекет дамуының тәуелсіз жолының мүддесінде геосаяси дамудың келешектерін, тарихи маңыздылық пен гылыми негізділікті әсеретін ерекше табандылық пен шыдамдылықты талап етеді. Жоғарыда аталған факторларды және қоғамдағы өз рөлінің маңыздылығын ескере отырып, Ассамблея мемлекеттік үлттық саясатты жүзеге асыруға белсене атсалысы туіс. Мұның барысында Ассамблеяның жаңа мақсаттары мен міндеттері мемлекеттің ішкі және сыртқы саясат саласындағы стратегиялық басымдылықтарына сәйкес анықталады

және Ассамблеяның әрбір мүшесіне үлкен жауапкершілік артады. Жанғыртылған мемлекеттілікті нығайту, адам құқықтары мен еркіндіктерін, мемлекет пен халықтың мұдделерін қорғау, өркениеттік әлемдік қауымдастықтың талаптарына жауап беретіндегі дамудың сапалы түрдегі жаңа деңгейіне өту ісіне тек құзырлы мекемелер гана емес, әрбір қазақстандық азамат өзіндік үлесін қосуы тиіс.

**Наумова Надежда Васильевна, Глушак Анатолий Степанович –**

Севастопольский экономико-гуманитарный институт (филиал)

ФГАОУ ВО «Крымский федеральный университет имени В.И. Вернадского, г. Севастополь.

## **ПРИНЦИПЫ МЕЖНАЦИОНАЛЬНОГО И МЕЖРЕЛИГИОЗНОГО СОГЛАСИЯ В ИСТОРИИ НАРОДОВ КРЫМА**

Современный мир с его межрелигиозными и межнациональными конфликтами и противостояниями восстановил в правах важнейшую истину: любая война рано или поздно заканчивается миром и нужно искать согласия, взаимопонимания и диалога противоборствующих сторон. Свой бесценный вклад в разработку проблем межрелигиозного и духовно-культурного согласия внес крупный ученый республики Казахстан Шулембаев К.Ш. Его вклад в понимание и решение проблемы духовного согласия имеет непреходящее значение в современных непростых условиях. Воплощая его идеи мы представляем свой экскурс в историю межрелигиозных и межнациональных отношений народов Крыма. Крым не стоял в стороне от столбовой дороги исторического процесса и на протяжении более двух тысяч лет происходило взаимопроникновение и взаимообогащение культур и традиций разных народов.

Испокон веков на берегах Тавриды обитали самые разные народы: тавры и киммерийцы, скфи и сарматы, греки и римляне, хазары и протоболгары, печенеги и половцы, византийцы и генуэзцы, татары и турки, караимы и крымчаки, славяне и армяне. После присоединения Крыма к Российской империи его земли стали интенсивно заселять русские и украинцы, немцы и болгары, чехи и эстонцы, представители других наций и народностей.

Еще в дореволюционное время в крымских городах повсеместно соседствовали православные храмы и мусульманские мечети, караимские кенасы и армяно-григорианские церкви, кирхи и костелы. Так в Феодосии к 1910 году было 10 православных церквей, 4 мечети, 2 синагоги, костел и кирха.

Каждый из больших и малых народов имеет свою неповторимую историю жизни на крымских землях. Многие из них бесследно растворились в потомках. В целом же история Крыма замечательна сожительством многих народов во взаимном переплетении интересов, вер, нравов, обычаяев и традиций.

В ретроспективном плане можно выделить три крупных периода культурного преобладания в Крыму: греко-византийский, татаро-исламский и русско-православный. Хотя вполне допустимо говорить о караимском и армяно-григорианском культурном влиянии в определенные периоды истории, о воздействии еврейского, немецкого, польского и других народов на культуру и быт полуострова.

Первой мощной волной культурного преобразования девственных земель Крымского полуострова была благодатная волна с берегов легендарной Греции. Этот дар судьбы, соприкосновение с великой немеркнущей культурой древних греков и по сию пору напоминает о себе благородством белых колонн Херсонеса и Пантикапея. Древние греки высаживались на берега Тавриды в VII-VI вв. до н. э. и почти до конца тысячелетия оказывали доминирующее влияние на всю культурную, социально-экономическую и политическую жизнь полуострова. С XIII и до второй половины XVIII века можно говорить о преобладании мусульманской культуры. После присоединения Крыма к России в 1783 году влияние Российской империи и православной культуры снова изменили облик и жизнь крымских народов. Границы такой периодизации весьма условны, поскольку иные влияния были, может быть, и не столь всеохватны, но оставили свой след в культуре Крыма. Например, хазарский каганат в VIII-IX веках простер свое влияние